

3

Тазалық кеткен жерден
талант кетеді

4

Тарихы терең
Түркістан

Сыр бойы

№86 (20962) 10 маусым, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТІК БЕКИ БЕРЕДІ

Кеше Ақордада Астанаға ресми сапармен келген Болгария Президенті
Румен Радевті салтанатты қарсы алу рәсімі өтті.

Мемлекеттер басшылары бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы рапорт берген соң екі елдің мемлекеттік әнұрандары шықалды. Шағын құрамдағы келіссөздер барысында Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-болгар серіктестігін одан әрі нығайту тұрғысынан Румен Радевтің сапарына айрықша мән беретінін атап өтті.

– Болгария – Қазақстанның Еуропадағы ең маңызды серіктестерінің бірі. Екі елді тамыры терең саяси және экономикалық ынтымақтастық байланыстырады. Әртүрлі саладағы екіжақты қарым-қатынастарымыз тұрақты дамып келеді. Мұны сенімді саяси диалогтан, парламенттер арасындағы нәтижелі ықпалдастықтан, сауда мен инвестицияның қарқынды өсуінен, халықтарымыздың байланысы мен әлемдік қоғамдастықтағы өзара қолдаудан анық аңғаруға болады. Екіжақты сауда айналымының артып келе жатқаны қуантады. Бұл – жақсы үрдіс. Біздің нарықта 60-қа жуық болгар компаниясы табысты жұмыс істеп жатыр. Қазіргі уақытта біз тау-кен өнеркәсібі, өндіріс, көлік және құрылыс салаларында жемісті ынтымақтастық орнаттық. Энергетика, транспорт және логистика, жасыл энергия, атом өнеркәсібі, ғарыш, ауыл шаруашылығы, цифрландыру, денсаулық сақтау, туризм секілді перспективті салалар бойынша ықпалдастықтың әлеуеті зор, – деді Қазақстан Президенті.

Румен Радев қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдірді. Сонымен қатар елдеріміздің арасындағы серіктестік деңгейіне жоғары баға беріп, барлық салада байланысты жандандыруға ниетті екенін жеткізді.

ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНІҢ БАСШЫЛЫҚ ҚҰРАМЫМЕН ЖИЫН ӨТКІЗДІ

Кеше Қазақстан Республикасының Президенті – Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрлігінің басшылық құрамымен жиын өткізді.

Мемлекет басшысы Қарулы Күштер жоғары қолбасшылығының алдында тұрған басым міндеттерді атады.

Ведомство жетекшілігіне басқару және әскери органдар құрылымын жетілдіру, әскери қызмет институтының резервін қалыптастыру, Арнайы операциялар мен аумақтық қорғаныс күштерін дамыту шараларын жүзеге асыру жүктелді. Сондай-ақ Қарулы Күштерді цифрландыру және оның жұмысында жасанды интеллектті пайдалану тапсырылды.

Жиын барысында әскери борышты өтеуге жайлы жағдай жасаумен қатар әскери қызметшілердің кәсіби құзыретін жетілдіруге, оларға қойылатын талаптарды арттыруға мән беру қажет екені айтылды.

Президент сарбаздың өмірі мен денсаулығын сақтауға барлық деңгейдегі қолбасшылықтың жауапты екенін айтты.



«Кәсіп түбі – нәсіп» дейді дана халқымыз. Сол сияқты «Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды» деген де бар. Кәсіп игеріп, игілігін көріп жүргендер аз емес. Әсіресе, күнделікті тірлігіміз техникаға байланған мына заманда оның тілін меңгерген маманның қадірі аспандап-ақ тұр. Тұрмыстық техникаларға деген сұраныстың артуы оларға деген қажеттілікті тудырып отырғаны айдай анық. Одан бөлек, газбен дәнекерлеуші, токарь, слесарь секілді көптеген маманға да сұраныс көп. Кейінгі кезде ауыл шаруашылығы, өндіріс салаларының автоматтануы, жаңа технологиялардың енгізілуі де оның қыр-сырын меңгерген мамандарды қажет етуде. Бір сөзбен айтқанда, күн өткен сайын жұмысшы маманға деген сұраныс артпаса, кемімеке емес.



ЖАС МАМАН ҚАЛАЙ ШЫҢДАЛАДЫ?

Биыл Президент Жарлығымен «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды. Бұл экономикалық тұрақтылық пен әлеуметтік прогрестің басты факторы ретінде жұмысшы кәсіптерінің ролін күшейтудегі стратегиялық қадам екені сөзсіз. Сондай-ақ елдің тұрақты өсуі мен инновациялық дамуын қамтамасыз етуде білікті мамандарды дамытудың маңыздылығын көрсетеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Лайықты азамат – өз білімін Отанымыздың игілігі үшін жұмсайтын адам. Алдымызда тұрған құбылмалы заманда жастарымыз еңбеккер болмаса, ешқандай бәсекеге түсе алмайтынын терең түсінуі керек» деген еді.

Жалпы, жастарды еңбек пен білімге баулып, кәсіпке үйретіп, маман етіп шығаруда кәсіптік-техникалық оқу орындарының маңызы зор. Біздің өңірде де қаншама жылдық тарихы бар іргелі кәсіптік білім ошақтары баршылық. Солардың бірі – Шиели индустриалды-аграрлық колледжі.

1958 жылы құрылған оқу орны 70 жылға жуық уақыттан бері қаншама шәкірт тәрбиелеп, сан мыңдаған жұмысшы маманды дайындап келеді. Бүгінде мұнда студенттер 18 мамандық, 28 біліктілік бойынша білім алады. Инженер-педагог қызметкерлер саны – 61.

2024-2025 оқу жылына 8 мамандық бойынша 171 талапкер оқуға қабылданды. Қазіргі кезде 355 білім алушы бар. Биыл колледжді 76 түлек бітіреді.

Мұнда білім алушылардың өндірістік оқуы мен кәсіптік тәжірибеден өтуі аудандағы ірі кәсіпорындармен жасалған келісім-шарт негізінде жүргізіледі. Колледж директоры Болат Сүлейменов бұл лауазымға жыл басында өндірістен ауысып келген. Өндірістің қыр-сырын меңгерген ол жаңа қызметке келгелі бері теориялық білімді өндіріспен ұштастырып, білім алушылардың мамандық бойынша машығын дамытуға баса назар аударуда.

Мәселен, жыл басынан білім алушыларды өндірістік оқу мен кәсіптік тәжірибеден өткізу мақсатында аудандағы 20-дан астам ірі кәсіпорын және шаруа қожалығымен жаңадан келісім-шарттар жасалған.

2-бет



2-бет

/// ҚҰРМЕТ

БОЛАТБЕК ҚУАНДЫҚОВ – «ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ»

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен өткен жиында мемлекет және қоғам қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, Сыр өңірінің перзенті, жерлесіміз, 2008-2013 жылдары Қызылорда облысының әкімі қызметін абыроймен атқарған Болатбек Баянұлы Қуандықовқа «Қызылорда облысының құрметті азаматы» атағы табысталып, сый-құрмет көрсетілді.

Басқосуға Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаты Руслан Рүстемов, Мұрат Ерғешбаев, Сенаторлар кеңесінің мүшесі Мұрат Бақтиярұлы, мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, ел ағалары, Болатбек Баянұлының әріптестері қатысты.

Аймақ басшысы Болатбек Қуандықовтың Сыр елінің дамуына мол үлес қосқанын атап өтіп, ізгі тілегін жеткізді.

– Біз адал қызмет атқарып, саналы ғұмырын аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына арнаған, елдің қошеметіне бөленген азаматтарды ардақтап, лайықты құрмет көрсетуді дәстүрге айналдырдық.

Құрметті Болатбек Баянұлы, туған жерге қош келдіңіз!

Сіз Сыр өңірін басқарған кезеңде облыстың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына бағытталған ауқымды жобалар жүзеге асты. Болатбек Баянұлы аймақтың өзекті мәселелерін батыл көтеріп, Қызылорда қаласындағы көпқабатты тұрғын үйлердің қордаланған проблемаларын шешуге, инженерлік-инфрақұрылым жүйелерін жаңартуға ықпал етті. 100-ден астам білім беру, 60-тан астам денсаулық сақтау мекемесі бой көтерді. Облыс орталығы – Қызылорда қаласын газдандыру жобасы толығымен аяқталды. 1000 шақырымнан астам жолдар орташа, күрделі жөндеуден өтті. 2010 жылы 11,2 млн тонна мұнай өндіріліп, өңір тарихындағы «қара алтын» өндірісінің шарықтау шегі ретінде есте қалды. «Асырдың ғаламат жобасы» атанған «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Аралдың солтүстік бөлігін сақтап қалу» жобасының 1-кезеңі жүзеге асты.

2-бет

«САУТС ОЙЛ» КОМПАНИЯСЫНЫҢ ДЕМЕУІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Саутс ойл» мұнай компаниясының басшысы Серікжан Сейтжановпен кездесті.

Кездесуде бірлесіп атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар сөз болды.

– Күн сайын жанарып, жасарған Сыр өңірінің жаңа келбетіне көрік берген музыкалық колледждің жаңа ғимаратын салуға демеушілік жасап, қолдау көрсеткеніңіз үшін барша Сыр жұртшылығының, өзімнің атыманнан шынайы ризашылығымды білдіремін.

Ел игілігі жолындағы барлық бастамаңызға сәттілік тілеймін.

Алдағы уақытта да бірлесіп жұмыс атқарамыз деп сенемін, – деді облыс әкімі.

Сол жағалаудан жаңадан ашылған музыкалық колледждің ғимаратында студенттерге барлық жағдай жасалған.

Үлкен концерт, би залдары, хор бөлмесі бар. Кең музыкалық пәндік кабинеттер жаңа заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған.

Барлық материалдық-техникалық базасы заман талабына сай келетін 200 орындық жатақхана шалғай елді мекендерден келген жас өрендерді қабылдауға дайын.

Мемлекет басшысының «Туған жерді бірге түлетейік!» үндеуі аясында кәсіпкер-мененаттар, қоғамдық қорлар бастамаларға белсенді араласып, Сыр өңірін көркейтуге өз үлестерін қосуда.

Бүгінде аймағымызда демеушілікпен 55 млрд теңгеден астам қаржыға жаңа жобалар жүзеге асуда.

«СБ» ақпарат

Валюта бағамы:

\$ 510,19 kzt

€ 582,79 kzt

₸ 6,46 kzt

Ауа райы:

Сейсенбі

☀️ +31°

🌙 +22°

Сәрсенбі

☀️ +31°

🌙 +20°

БОЛАТБЕК ҚУАНДЫҚОВ – «ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ»



Өзіңізбен қызметтес болған кезеңде аймағымыздың өсіп-өркендеуі жолында қойын-қолтық жұмыс жасап, өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына бірге үлес қостық.

Халқымыз сіздің елеулі еңбегіңіз бен табысты жұмысыңызды жақсы біледі, ерекше құрметтейді. Өзіңіздің өрелі істеріңіз кейінгі ұрпаққа әрдайым өнеге болып қала берсін! Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз! – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Кездесуде ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, профессор Бакберген Досманбетов, қоғам қайраткерлері Дайрабай Ысқақов, Нажмадин Мұсабаев, Рзақұл Нұртаев, Мұрат Бақтиярұлы, Мәжіліс депутаты Мұрат Ергешбаев, мәдениет саласының ардагері Алма Бақтиярова құттықтау лебіздерін жеткізді.

Болатбек Баянұлы көрсетілген құрметке ризашылығын, туған жердің қарыштай бөруіне тілектестігін білдірді.

1-бет

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ЖЕТІСТІК ЖАСТАР ҮШІН ҮЛГІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Nomad Wrestling турнирінің екі дүркін чемпионы Азамат Бақытовпен кездесіп, спортшыны кезекті жеңісімен құттықтады.

– Сыр топырағынан түлеп ұшып, қазақтың намысын қорғайтын, әлемдік додаларда көк туды желбірететін спортшылардың көбейгені – біз үшін мақтаныш. Сенің спорттағы жетістіктерің жастар үшін үлгі, табандылықтың, тәртіптің және нағыз балуан рухының символы. Алдағы уақытта да жеңісті күндерін көп болып, еліміздің мәртебесін арттыруға атсалыса бергейсің, – деді облыс әкімі.

Айта кетейік, Сыр өңірінде спорт саласын серпінді дамыту мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Кейінгі жылдары аймақтың спорттық инфрақұрылымын ілгерілету ерекше басымдыққа ие.

Облыс орталығы мен аудандарда 10-нан аса соңғы үлгідегі спорт кешені пайдалануға берілді.

Ілкімді істердің арқасында спортшыларымыз жыл басынан бері Әлем және Азия чемпионаттары мен кубоктарынан 1 алтын, 1 күміс, 3 қола медаль жеңіп алса, ҚР чемпионаттары мен кубоктарынан 28 алтын, 39 күміс, 56 қола медальға қол жеткізді.

Өңірде бұқаралық спортпен айналысушылар саны да жылдан жылға артып келеді. Қазіргі таңда 342 223 адам спортпен жүйелі түрде шұғылданады.

ЖОБА

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІН АЛУШЫЛАРҒА ТАУАРЛЫҚ ГАЗ БОЙЫНША ВАУЧЕРЛЕР ҰСЫНУ ҮШІН ТҰТЫНУ НОРМАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 34) тармақшасына, «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 5-тармағының 6-2) тармақшасына, «Тауарлық және сұйылтылған мұнай газын тұтыну нормаларын есептеу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 18 қыркүйектегі №377 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №17472 тіркелген) және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Р.В.Склярдың 2025 жылғы 25 сәуірдегі №21-19/3048 тапсырмасына сәйкес, Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және тұрғын үй көмегін алушыларға тауарлық газ бойынша ваучерлер ұсыну үшін тұтыну нормалары осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Н.НӘЛІБАЕВ**

Қызылорда облысы әкімдігінің
2025 жылғы «__» _____ № _____ қаулысына
қосымша

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК
АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІН
АЛУШЫЛАРҒА ТАУАРЛЫҚ ГАЗ БОЙЫНША ВАУЧЕРЛЕР ҰСЫНУ
ҮШІН ТҰТЫНУ НОРМАЛАРЫ

№	Тауарлық газды тұтыну сипаттамасы	Жылыту маусымындағы айлық норма, м³	Жылыту маусымынан тыс айлық норма, м³
1	Жылыту қазандығы, газ плитасы және су жылытқышы бар үй шаруашылығы	759	148

Аббревиатуралардың толық жазылуы:
м³ – текше метр.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қытайлық инвесторлармен кездесіп, өңірде шыны талшық өндіру зауытын және күн-электр станциясын салу жобаларын талқылады. Аймақ басшысы облыстың бұл бағытта айтарлықтай әлеуетке ие екенін атап өтті.

ҚЫТАЙЛЫҚ ИНВЕСТИТОРЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

– Облыс аумағында шыны талшық өндірісін толық көлемде іске қосу үшін қажетті минералды шикізаттың бай қоры бар. Бұл өндіріс үшін кварц құмы, бор ангидридi, сода, натрий сульфаты, калий, әктас, доломит, магнезит, глинозем, қорғасын оксидтері сияқты шикізаттар қажет. Осы минералдардың барлығы облыс аумағында қолжетімді, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Аймақтың географиялық орналасуы мен климаттық жағдайы күн мен жел энергиясын молынан өндіруге мүмкіндік береді. Бүгінде облыста жалпы қуаты 89 МВт болатын 9 күн-электр станциясы жұмыс істейді. Оның үшеуі шетелдік инвесторлардың қатысуымен салынған. Қуаттылығы 201,5 МВт болатын тағы 6 жоба қолға алынған.

Мамандардың айтуынша, облыста күн энергиясының әлеуеті жылына 32 триллион кВт/сағат, ал жел энергиясы 2,7 триллион кВт/сағат. Күн сәулесінің түсу ұзақтығы орта есеппен 3000 сағатқа дейін жететінін ескерсек, бұл бағытта жана жобаларды жүзеге асыруға өте қолайлы жағдай қалыптасқан.

Аймақ басшысы қытайлық инвесторларға жобаларды орналастыру үшін «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағын ұсынды. АЭА қатысушыларына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес біркрат салықтық және келендік жеңілдіктер беріледі. Оларды корпоративтік табыс салығы, келендік баждар, жер және мүлік салығынан, жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлемакыдан босату қарастырылған.

Бұдан бөлек, мемлекет жобаларды іске асыру үшін қажетті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етеді және кейіннен сатып алу құқығымен жер учаскесін тегін жалға береді.

Кездесу соңында аймақ басшысы әкімдік тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетінін жеткізді.

ЖАС МАМАН ҚАЛАЙ ШЫҢДАЛАДЫ?

– Мамандарды даярлау сапасын арттыруға ықпал ететін факторлардың бірі – әлеуметтік әріптестермен тиімді ынтымақтастық. Әлеуметтік әріптестік білім алушыларды еңбек нарығында табысқа жету үшін қажетті нақты ресурстармен, ақпаратпен және тәжірибеге қол жеткізумен қамтамасыз етеді.

Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері – кәсіптік бағдар беру жүйесінің маңызды буыны. Осы орайда арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқу шеберлерін тағалымдамадан өткізу және білім-біліктілігін арттыру мақсатында жоғары оқу орындары мен маңдайалды колледждермен ынтымақтастық туралы меморандумдарға отырдық. Сәуірде колледжде «ҚазАтомөнеркәсіп» мекемесіне қарасты «KAP LOGISTICS» ЖШС-ның бас директоры Дархан Рамазановпен кездесу өтті. Дархан Болатұлы колледждің материалдық-техникалық базасымен танысып, әріптес ретінде колледжде қажетті қондырғылар, техникалармен, қосымша бөлшектермен мүмкіндігінше көмек беретінін және білікті мамандарын оқу процесінде ұйымдастырылатын жұмыстарға қатыстыратынын айтты. Нәтижесінде меморандумға қол қойылды. Бұл дегеніміз – әлеуметтік әріптес ретінде білімді ұрпақ, бәсекеге қабілетті маман дайындауға бағытталған үлкен қамқорлық.

Сонымен қатар «Пайдалы қазба кен орындарын іздеу мен барлаудың технологиясы мен техникасы» мамандығы бойынша колледж төңіргіміне әлеуметтік әріптесіміз «Волковгеология» АҚ ГРЭ-23 мекемесінен ЗИФ-1200 МПК бұрғылау қондырғысы оқу процесіне пайдалануға берілді. Бұл қондырғы кәсіби қузыреттілікті бекітуге, практикалық дағдылар мен кәсіби қызмет тәжірибесін аулақ үлкен мүмкіндік береді, – дейді Болат Мулланазарұлы.

Колледж төңіргіміндегі 880 гектар жайылымдық жердің 100 гектары бір түрден екінші түрге ауыстыру мақсатында суармалы жер учаскесіне далалық зерттеу-тексеру сызбасы жүргізіліп, құжаттары әзірленді. Нәтижесінде әлеуметтік әріптестердің қолдауымен биыл 50 гектар жерге күріш өнсе жоннысқа егілуде.

– Елу гектар жерді өңдеу барысында әлеуметтік әріптестер қолдауымен, атап айтсақ, «Байсын», «Төңкеріс-К», «Үміт», «Ақмая», «Алтын дән Шиелі», «Халық», «Қаз проджектестрой» шаруа қожалықтары қолдау көрсетіп, «Шиелі су шаруашылығы» мекемесінің техникаларымен ондаған километр канал қазылып, атыздалып, жерді жыртып өңдеу сияқты ауқымды жұмыс жүргізілді. Осы орайда атап өтетін бір мәселе – бұл ауыл шаруашылығы мамандығы бойынша және білікті жұмысшы кадрларды даярлау үшін білім алушылардың соңғы үлгідегі заманауи техникаларды танып-білуі болып отыр. Колледж төңіргіміндегі ескі техникалар 1987 жылдан бері қолданыста, қолдану мерзімі аяқталған. Қосалқы бөлшектерін ауыстырып, пайдалануға келмейтін жағдайға жетіп тұр. Бұл – болашақ ауылшаруашылық мамандарын заманауи техника тілімен дайындауға қолбайлау. Заман талабына сай мамандарды дайындау мақсатында жаңа типтегі заманауи техникаларға жоба-сметалық құжат жасалып, өтінім берілді. Аталған кәсіпорындармен бірігіп көптеген іс-шара ұйымдастырылды. Мекеме базасында мамандық апталықтарын өткізіп, заманауи техника, технологиялармен танысулы ұйыастыру жолға қойылған. Аудан шаруашылықтары бүгінгі күннің өзінде 160 механизатор маманға сұраныс беруде, – дейді директор.

Оған қоса қазіргі заманға сай, сұранысқа ие мамандықтарды ашып, мамандар даярлау –

басты мақсат. Осы бағытта аудан сұранысына, оның ішінде атом, ванадий өндірісіне қажетті мамандықтар енгізуге байланысты 2024-2025 оқу жылында жаңа мамандықтарға лицензия алу үшін қарқынды жұмыс жасалған. Атап айтсақ, «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», «Жүк көтергіш машиналар мен транспорттерлер», «Ұран өндіру» мамандығы бойынша «Шикізатты қайта өңдеу жөніндегі аппаратшы», «Геотехнологиялық ұңғымаларды жер астында жөндеу операторы» «Сумен жабдықтау және су беру жүйелерінің тазарту құрылыстарын пайдалану» мамандықтары қазіргі таңда жоғары сұранысқа ие. «Жас маман» жобасы бойынша алынған «Дәнекерлеу ісі», «Пайдалы қазба кен орындарын іздеу мен барлаудың технологиясы мен техникасы» мамандықтарының құрал-жабдықтарын пайдаланып, қысқа мерзімді біліктілік арттыру курстары ашылып оқытылуда.

Оқу-өндірістік жұмыстарымен қатар, зертханалар мен шеберханаларды жөндеуге көңіл бөлінген. Тозығы жеткен оқу-зертхана ғимаратының «А» блогына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге жоба-сметалық құжат жасалған. Сараптама қорытындысы алынып, өтінім берілді.

Колледждің жетістіктері де баршылық. Шәкірттері WorldSkills жобасының түрлі байқауларына қатысып, жүлделі орындар алып жүр. Айта кетейік, WorldSkills жобасының мақсаты – жұмысшы мамандықтар мәртебесін арттыру және шеберлік дағдыларын дамыту.

Атап айтсақ, «Дәнекерлеу ісі» қузыреттілігі бойынша «WorldSkills Kyzylorda-2024» облыстық іріктеу чемпионатына қатысып, облыстық жарыстан бас жүлде алған Сырбай Ержан «WorldSkills-2024» ұлттық чемпионатының республикалық кезеңіне қатысып, медаль иеленді. Осылайша ол жетекшісі Қайрат Башаровпен бірге оқу орнының абыройын асқақатты. «Жас электрік-2025» облыстық байқауында Шиелі индустриалды-аграрлық колледжі жалпыкомандалық сайыс бойынша ІІ орынды иеленсе, колледж студенттері Арқадый Лян мен Нұрасыл Сатыбалдиев «Электр сұлбаларын жинау» сайысында І дәрежелі дипломмен марапатталды. «Кондитерлік іс» қузыреттілігі бойынша «WorldSkills-2025» кәсіби шеберлік байқауының облыстық іріктеу кезеңінің жеңімпазы Нұрайлым Есенбай І-орынды жеңіп алды. Жетекшісі – Сабира Дайрақұлова.

Республикалық студенттер форумында «Бұрғылау қондырғысының машинисі» және «Экскаватор машинисі» мамандығы бойынша колледж студенттері жүлделі І орынды жеңіп алды. Команда жетекшілері – арнайы пән оқытушысы Жалғасбек Қуандық және өндірістік оқу шебері Гүлназ Жолымбетова. «Сән технологиясы» қузыреттілігі бойынша «WorldSkills-2025» кәсіби шеберлік байқауының облыстық іріктеу кезеңінде Арқадый Лян 2-орынды жеңіп алды. Жетекшісі – Меірбек Сұлтанбек.

Иә, жұмысшы мамандығы – өндірістің әлеуеттік негізі. Шиелі индустриалды-аграрлық колледжі ұжымының егемен еліміздің баянды болашағын құратын, Қазақстанның экономикасын дамыту жолында сапалы кәсіп иелерін дайындап, кәсіптік білімнің мазмұнын жаңартудағы қызметтеріне біз де сәттілік тіледік.

Айнұр БАТТАЛОВА,

«Сыр бойы»
Қызылорда – Шиелі – Қызылорда



ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫСҚА ЖОЛ ЖОҚ

Арнайы комиссия қала аумағында рұқсатсыз салынған құрылыс нысандарын анықтап, заң аясында тиісті шаралар қабылдауда. Тексеру кезінде «Нұрмағанбет» кафедрінің заңсыз салынғаны анықталып, облыстық мемлекеттік сәулет және қала құрылысы басқармасына хат жолданды.

Қала орталығындағы «Сохо» мейрамханасының екінші қабаты, яғни террасасының заңсыз салынғаны белгілі болды. Кәсіпкер тиісті талаптарды сақтамай, рұқсатсыз ғимаратын кеңейткен. Мейрамхана басшылығына ескерту жасалып, шара қабылдау үшін тиісті орындарға хабарлама берілген. Ал, «Lof» мейрамханасының иесі жанындағы «Veranda» көше кафеесін салу үшін құрылыс тұрмақ, жердің де құжатын рәсімдемеген. Кәсіпкерге заңға сәйкес тиісті шара көрілді.

ЖАҒАЖАЙ ТАЗАРТЫЛДЫ

«Таза жағалау» республикалық эко марафоны аясында «Қамыстыбас» ауылдық округіне қарасты «Аққұмшық» жағажайында тазалық шарасы ұйымдастырылды.

Оған «Қамыстыбас» ауылдық округіндегі мекеме қызметкерлері мен еріктілер жұмылдырылды. Олар көлдің маңайын күл-қоқыстар мен тұрмыстық қалдықтардан тазартып, арнайы жүк көлігіне тиеді.

Эко челлендждің мақсаты – су қоймаларын тазалау және санитарлық тәртіпті сақтау мен қоршаған ортаға қамқорлық танытуды дәріптеу. Сондай-ақ тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, отансүйгіштік, табиғатты қорғау, қоршаған ортаға деген жанашырлық құндылықтарын қалыптастыру.

ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет Жанқожа батыр және Бекарыстан би ауылдарындағы жол жөндеу жұмыстарын көрді. Жауапты мөрдiгер мекеме басшыларынан сапаға мән беруін талап етіп, сапаға жауапты орынбасары Мұрат Әбсұлтановқа жөндеу жұмыстарын күнделікті бақылауға алуды тапсырды.

Аудандық маңызға ие «Қазалы-Қоларық-Бекарыстан би-Жаңақұрылыс» бағытындағы 6,5 шақырымдық және Жанқожа батыр елді мекеніне кіреберіс 3 шақырымдық автомобиль жолдарына күрделі жөндеу жұмыстарымен мөрдiгер мекеме «Қазалы Жолшы» ЖШС айналысуда. Қазір «Әлсейіт» көпірінен бастап Бекарыстан би ауылына дейінгі жолдың 2 шақырымына қара шебень және ірі түйіршікті асфальт қабаты төселген. Ал Жанқожа батыр елді мекеніне кіреберіс автомобиль жолына қиыршық тас қабатын төсеу жұмысы қарқынды жүргізілуде.

ҚОҒАМДЫҚ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Аудан әкімінің орынбасары Самат Қыдырбекұлының төрағалығымен мәжіліс өтті. Оған бөлім басшылары, тиісті сала мамандарымен қатар, көнт және ауылдық округ әкімдері қатысты.

Кенесте кәсіпкерлікке қолдау көрсету гранттары, 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобалардың орындалу барысы, вакцинация жұмыстары және эпидемиологиялық ахуал жайы сөз болды. Сондай-ақ көктемгі әскерге шақыру науқаны мен балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мәселелері талқыланды.

Аудан аумағында қарасора өсімдігін жою, пайдаланылмай жатқан жер телімдері бойынша профилактикалық шараларды күшейту, жастармен жұмысты жүйелеу, жазғы маусымда түнгі рейдтерді тұрақты өткізу қажеттілігі айтылды.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТТЫ

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов «Nomad Solar» ЖШС директоры Тьерри Плезанмен кездесті. Аудан халқының игілігі үшін ынтымақтастықты арттыру және салық базасын ұлғайту мақсатында компанияны Жалағаш ауданына көшіру мәселесі талқыланды. Сонымен қатар, келіссөз барысында аудан экономикасына үлес қосу және компания демеушілігімен ойын алаңының құрылысын жүргізу жайы сөз болды.

Келіссөз қорытындысында Тьерри Плезан аудан әкімінің ұсынысын қолдайтынын білдіріп, алғыс айтты.

Айта кетейік, 2019 жылдың қазан айында аудан аумағында «Nomad Solar» ЖШС-ның бастамасымен қуаты 30 МВт күн сәулесінен энергия өндіретін электр станциясы іске қосылған. Қазіргі таңда аталған станция жұмысын табысты жалғастыруда.

ТАЗАЛЫҚҚА ҮЛЕС ҚОСТЫ

Аудан әкімі Берік Сәрменбаевтың қатысуымен жағажай аумағында тазалық іс-шарасы өтті. Оған аудандық мәслихат депутаттары, еңбек ардагерлері, мекеме және бөлім, азаматтық қорғау саласы қызметкерлері мен аудан тұрғындары қатысты.

– Біздің әрқайсымыз табиғатқа деген жауапкершілікті сезінуіміз қажет. Таза ауа, жасыл желек пен таза су – біздің келешегіміз. Осы байлықты сақтап қалу үшін бәріміз қоршаған ортаны қорғауымыз қажет. Сіздерді табиғатты қорғауға, оны аялауға шақырамын, – деді Берік Әбдіғаппарұлы.

Экологиялық іс-шара барысында жағажай аумағына тазалық жұмыстары жүргізілді. Арнайы техникалармен қоқыс тазартылып, демалыс орнындағы жабдықтар сырланды.

АНАЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

Аудан әкімі Айтбай Жандарбеков көпбалалы аналарды қабылдап, «Алтын алқа» және «Күміс алқа» төсбелгілерін табыс етті. Оның бесеуі – алтын алқа, он жетісі – күміс. Салтанатты рәсімде аудан басшысы ізгі ілтипатын білдіріп, ақжарма тілегін арнады.

Жиын барысында алтын құрсақты аналар да сөз алып, мемлекеттің жасап жатқан қамқорлығына алғыс білдіріп, жергілікті басшылықтың жұмысына сәттілік тіледі.

МАКАРОН ЦЕХЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Аудан тұрғыны Еркінбай Шідербаев макарон өнімдерін өндіретін шағын цехты іске қосты. Жалпы құны 19,5 млн теңге болатын бұл өндіріс орны тәулігіне 300-500 келі аралығында дайын өнім өндіруге қауқарлы.

Цехта 3 жұмысшы тұрақты еңбек етуде. Өндірісте қабыршақ, түтікше және кеспе макарон секілді үш түрлі өнім шығарылууда. Олар ішкі нарыққа бағытталған және сапа жағынан талаптарға толықтай сай келеді.

Аталған жоба жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуға, өңірлік кәсіпкерлікті жандандыруға және отандық азық-түлік өндірісін дамытуға үлес қосуда. Сонымен қатар, бұл бастама жастарды өндірістік-техникалық мамандықтарға ынталандыруда маңызды рөл атқаруда.

Дайындаған
Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

/// ШАПАФАТ

МЕЙІРІМ МЕКЕНІ

Арал тағдыры тек Қазақстанды ғана емес, алыс-жақын шет мемлекеттерді де алаңдатып келе жатқанына ондаған жылдар өтті. Өкінішке қарай ұлы теңіздің бағы тайғаны шындыққа айналған соң, мемлекет өткенге салауат, қалғанға берекет айтып, халықаралық қауымдастықтың қолдауымен Арал теңізі бассейнін экологиялық сауықтыру мен аймақ тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық деңгейін көтеру мәселелері бойынша бірлескен нақты істер мен бағдарламалық жобаларды қолға ала бастаған болатын.

Мемлекеттік деңгейде жылдар бойы жүргізіліп келе жатқан жауапты да, сауапты істерге теңізге тамған тамшыдай болса да үлесін қосуды азаматтық парызым деп санайтын жанашыр жандардың да еңбегін елеусіз қалдыруға болмас еді. Онсыз да экологиялық ахуалы дүниежүзілік деңгейде сараптама жүргізіліп дәлелденген Арал апат аймағындағы ерекше күтімді қажет ететін балаларды жан-жақты қолдау, оларды қажетті құрал-жабдықтармен камту және тиісті дәрежеде сапалы біліммен сусындату маңызды бағыттардың бірі дейтін болсақ, бұл тұрғыда Арал ауданының ерекше бастаманы қолға алып жатқанын атап айтса, артық болмас еді. Дәйегімізге дәлел ретінде Арал қаласындағы «Мейірім» арнайы бөбекжай балабақшасын атап айтуға болады.

Аталған жобаны жеке кәсіпкер, Арал аудандық мәслихатының депутаты Ләйла Рахышқызы Мамитанова өз қаражаты есебінен жүзеге асырып, қазіргі таңда бөбекжай іші толығымен заманауи үлгіде жабдықталды. Жеке кәсіпкердің сөзінше, ерекше күтімді қажет ететін балаларға арналған бұл балабақшада тірек-қимыл бұзылысын қалпына келтіруге арналған спорттық құрал-жабдықтар, сонымен қатар арнайы тұз шахта және шунгит бөлмелері мен бас-сейн қарастырылған.

— Шынымды айтсам, осы жобаны қолға алу туралы ой маған аяқастынан, тосыннан келе қалған жоқ, — дейді Арал аудандық мәслихатының депутаты, кәсіпкер Ләйла Рахышқызы. — 2018 жылы тағдырдың жазуымен отбасымызбен жол апатына ұшырадық. Жол-көлік оқиғасынан жолдасым, жүргізуші қаза болды да, кішкене балам екеуміз ауыр халде жылға жуық төсекке таңылып жаттық. Аяққа тұрған күдер үзіп, мен балама, балам маған қарап жатқан сол сынақты күндердің бірінде: «Жаратушы нем, егер осыдан аяғымызға тұрып кететін күн туса, дәл осы біздің күйімізде жатқан бүлдіршіндердің жағдайын жеңілдетуге шамам келгенше қол ұшымды тигізуге күш салар едім» деп, өз-өзіме серт бергенмін.

Құдай ондап өзіме-өзім келе бастаған соң, 2020 жылы 25 балаға инклюзивті аппараттарымен соңғы үлгіде жабдықталған тегін балабасына душар болған балалар 30 минуттық бассейн емін қабылдаса, шунгит бөлмесі баланың иіс сезімін, иммунитетін қалпына келтіруге септігін тигізеді, ал демікпесі бар балаларды тұз бөлмесімен емдеу жолға қойылған. Ем қабылдаған балалардың ата-аналарының орталықтың ыстық жылыстарына деген әлеуметтік желідегі ыстық ықыласын көрген көпшіліктің өтінішіне орай ғимаратты кеңейтіп, тағы 30 бала қабылдауға ниет етіп отырмыз. Жаңа нысан ашылған жағдайда, 30-дан астам маман қызметкер жұмыспен қамтылатын болады.

— «Мейірім» арнайы бөбекжай балабақшасының ашылуы — біз үшін, бауыр еті баласының дертіне дауа іздеп шырылдап жүрген аналар үшін жаналық болып отыр, — дейді қала тұрғыны Гүлзат Абдиева. — Орталық ең зару, қажетті құралдармен қамтылған: тұзды шахта, шунгит бөлмесі, бассейн, логопед, түрлі массаждар. Балам ем қабылдағалы сөздік қоры молайып, жетектеуімізбен қадам баса бастады. Аллаға шүкір деймін! Енді жақында тағы бір керемет құрылыс-массаж тактайшасы, күміс қолғап аппараты келіп көзімді болып жатырмыз. Мен осыған дейін күміс қолғап емін ақылы түрде алып, қыруар қаражатымыз жұмсағанмын, енді мұны балабақшада тегін жасайтын болды! Осы орайда «Мейірім» балабақшасының ашылуына, оның әрі қарай қанат жаюына қолғабысын тигізіп, үлес қосқан Арал ауданының әкімі Аманжол Сақыпұлына, қала әкімі Батыржан Ұзақовқа, аудандық білім бөлімінің басшысы Санира Жанназароваға, сонымен қатар балабақшаның құрылтайшысы, туған жерімдіздің жанашыры, кәсіпкер Ләйла Рахышқызына шын жүректен алғысымды білдіремін.

— Ләйла ханымның аудан орталығындағы жар-тылай өртеніп кеткен базарды кереметтей қылып қалпына келтіріп бергенге қуанып жүр едім, енді мына ерекше бүлдіршіндерге арнап бөбекжай балабақша салғаны үшін ата-аналардың алғыс сезімін білдірген лебіздерін көрдім. Жанашыр жанға Жаратқан нем еңбегін еселеп қайтарсын! — дейді ауданның тағы бір тұрғыны Мейрамкүл Елешова. Әлеуметтік желіні қарап отырсаң, мұндай ізгі тілектерге көз сүрінеді екен. Ендеше экологиялық апат аймағындағы бүлдіршіндердің балғын жүзіне күлкі үйіріп, дерт тауқыметінің шипасына шарапатын тигізуді алдына мақсат етіп қойған кәсіпкердің алған бағытының баянды болуына біз де тілекші болайық.

Әлімжан ҚИЯС

/// САПАР

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ТҮРКІСТАН



Сыр елінің ардагерлері мінген автобус маусым айының 4-ші жұлдызында таң ата Түркістан облысын бетке алып, жолға шықты. Бабалар рухына Құран бағыштап, тарихи жерлерді аралап көреміз деген көңіл-күй ардагерлерді қанаттандырып, автобус ішін жаңға жайлы бір әуен тербеп келеді.

Қасиетті Құрбан айт қарсаңында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Әбішұлы Дүйсенбаев бастаған Сыр елінің өсіп-өркендеуіне, жас ұрпаққа рухани-тағылым беруде еңбегі сіңген ардагерлердің көрші облыстарға бұл алғашқы сапары емес. Бұған дейін де Ұлытау облысын, қасиетті қазақ жерінің бабалар дүбірге бөлеп өткен кен даласын аралап, тарих көмбесінен

сыр шерткен мекендердің сырына үніліп, қаныққан болатын.

Жол сапары адамдардың бір-бірін жақын танауға, болмыс-бітімін айқындауға мол септігін тигізетіні ақиқат. Әр саланың тізгінін ұстаған 50 ардагер жарқын жүзбен шүйіркелесіп, әңгімелері бір арнаға тоғысып келеді. Ол — Түркістан облысы Отырар ауданының жерінде мәңгілік мекен тапқан — Арыстанбаб әулиенің басына құрбандық шалып, Құран

бағыштап, бабаның рухани әлеміне бойлау.

Жолаушының мақсаты діндеген жерге жету болса, ардагерлерді Түркістан қаласынан облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жәнісбек Мәуленқұлов күтіп алып, Отырар ауданына қарай жол бастады.

Қашан да келіп-кетуші көпшілік арылмайтын Арыстанбаб әулие кесенесінің алдындағы арнайы орынға құрбандық малын шалып, баба рухына Құран бағышталды.

Отырар аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Арзықұл Бектібай, аудан әкімшілігінің қызметкерлері Сыр елінен келген

ардагерлерге қонақжайлық көрсетіп, ыстық ықыласқа бөленді. Отырар музейі көненің көзіндей жәдігерлермен қайта табыстырғандай рухани мол тағылым алдық.

Түркістан шаһары жасарып, жанарып, сұлу да әсем қалаға айналыпты. Салынған, енді салынып жатқан ғимараттар көз тартып, оның үстіне күтіп алып, қызмет көрсеткен түркістандықтардың қонақжайлығы екі облыс ардагерлерін рухани жақындатып, көңіл толқитты. Қ.А.Яссауи бабамызға Құран бағыштап, қаланы аралауға шықтық. Электрон кармен кесене манын аралатып, «Визит» орталығында Қ.А.Яс-

сауи кесенесінің шығыс, батыс бөлігіндегі өрнектеліп жазылған қасиетті сөздердің мән-мағынасы түсіндірілді. Көне есік, түрлі жәдігерлер таныстырылды. Онан кейін «Ұлы дала елі» орталығын тамашалаған соң, «Алтын самұрық» 8Д әуе театрына кіріп, 50 ардагер теңдесі жоқ ғажайып көріністердің куәсі болды. «Жасанды көл», «Жастар» саябағы Түркістан қаласының жасыл желекке бөленген, экологиясы таза, жаңға жайлы мекен екенін дәлелдей түскендей болды. Рухани, мәдени орталықтарды аралап, көзбен көріп, көңілге түйген ардагерлер жансарайы ашылып, бір серпіліп қалды. Бір күндік сапар жылға татырлық рухани азық сыйлады. Бір айта кететіні, Түркістан қаласының әкімі Әзімбек Пазылбекұлы Сыр елінің ардагерлерімен жүздесіп, дәм-тұзын ұсынып, қазақтың салт-дәстүрін берік ұстанған азамат екенін көрсете білді. Түркістан облысына зиярат жасап барған ардагерлеріміз рухани кемелденіп, елге аман-есен, соны серпіліспен оралды.

Осындай рухани тазалықтан нәр алып қайтуға бастамашы болып, ұйымдастырған облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаевқа, орынбасары Мақсұт Баскеевке, сапарлас болған қалалық мәдениет саласының қызметкерлеріне ардагерлер алғысы шексіз.

Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері,
Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі

/// ТАНЫМ

ҚАРАТАУДАҒЫ «ҚАТЫНҚАМАЛ»

Әлемде миллиондаған жылдар бойы жез, жауын-шашын және жердің қозғалысы әсерінен пайда болған ерекше үңгірлер өте көп. Ол үңгірлердің бірі түрлі әуендер шығарса, енді бірінің іші жұлдызды аспан сияқты жарқырайды. Мұз мүсін, жерасты ормандары мен көлдер және басқа да таңғаларлық ғажайыптарымен ерекшеленетіні де бар. Өңіріміздегі «Қатынқамал» үңгірі де өзіне тән қасиет пен ерекшелікке ие.

«Қатынқамал» үңгірі Жанақорған ауданындағы «Бірлік» ауылынан 20 шақырымға жуық қашықта орналасқан. Үңгірді зерттеген мамандар қатты жер қозғалысы болып, жердің қажайып-уынан пайда болған деген болжам айтады. Үңгірдің ауызы өте тар болса да, ішіне кірген соң кеңейіп, он екі қанат киіз үйдің көлеміндей кеңістікке жетеді. Одан әрі тау ішілік дәлізге жалғасады. Ұзындығы 18-20 шақырымға жуықтайды, яғни басы «Бірлік» ауылындағы Ақ-үйік өзенінен басталып, «Талап» ауылындағы Талдысу өзеніне дейін созылады. Ерте заманда осы екі аралықта адамдар қатынаған көрінеді.

Үңгір — адамзат баласына ортақ тарихы бар, ортақ жасты бар жәдігер. Ерте дәуірден бастап сақталған ақпарат көзі. Ежелгі адамдар осы таудың қойнауында мекен

еткен деген деректер бар. Оған дәлел — жартастарға салынған суреттер.

Үңгірлер көбіне қараңғы және қорқынышты жер секілді көрінгенмен, адамзат баласының алғашқы баспанасы болған. Сонымен қатар табиғат құбылыстарынан жасырынған, жабайы жануарлардан сақтанған, жаулардан қорғанған жері. XVIII ғасырдың басында жонғарлар шабуыл жасағанда, әйелдер мен балалар осы үңгірге жасырынған. Ер-азаматтар түнде келіп, азық-түлік апарып тұрған. Осы зұлмат аяқталғанша үңгірді паналады. Сол себепті үңгір «Қатынқамал» аталып кеткен.

Жалпы «Қатынқамал» үңгірі — тек табиғи ескерткіш қана емес, мәдени манызы бар, туристік әлеуеті зор нысан. Оның географиялық ерекшелігі, табиғат әсемдігі туризм саласының дамуына мол мүмкіндік береді. Ол үшін ең бастысы баратын жолды жақсарту қажет. Сонымен қатар қонақүй, демалу және тынығу жайлақын салса, әсіресе қазіргідей жаз мезгілінде жайлы орынға айналар еді. Ал осындай тарихи жәдігерлер қасиетті Қаратаудың өң бойында аз емес.

Қуандық ҮСЕНБЕКОВ,
№293 орта мектеп мұғалімі,
тарих магистрі



Фото: Алаш деректері

«QazaqGaz Aimaq» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының тұтынушылар назарына!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінің 2025 жылдың 04 маусымындағы №02/836 хаты негізінде «QazaqGaz Aimaq» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының тұтынушылары үшін тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің бағалары 2025 жылдың 05 маусымынан бастап 1000 м3 үшін төмендегін күрайды:

ҚҚС есебінен

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Денгейі
Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифті есепке алып			
I топ	Тұрмыстық тұтынушылар (халық)	тенге/1000 м3	11 979,68
II топ	Жылу энергетикасы компаниялары халық үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м3	10 348,52
III топ	Жылу энергетикасы компаниялары заңды тұлғалар үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м3	13 509,26
IV топ	Жылу энергетикасы компаниялары электр энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м3	14 133,74
V топ	Тұтынушылардың I, II, III, IV, VI, VII, VIII, IX, X, XI және XII топтарына жатпайтын өзге де заңды тұлғалар	тенге/1000 м3	14 133,74
VI топ	Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар	тенге/1000 м3	13 509,26
VIII топ	Тауарлық газды одан әрі тұтынушыларға өткізу мақсатында сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіру үшін сатып алатын заңды тұлғалар	тенге/1000 м3	31 040,44
IX топ	Мемлекеттік атауды әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын тұрмыстық тұтынушылар (халық)	тенге/1000 м3	7 989,89
X топ	Ірі коммерциялық тұтынушылар	тенге/1000 м3	46 849,44
XI топ	Цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру бойынша тұлғалар	тенге/1000 м3	46 849,44

Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифті есепке алумен			
I топ	Тұрмыстық тұтынушылар (халық)	тенге/1000 м3	18 413,94
II топ	Жылу энергетикасы компаниялары халық үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м3	18 014,61
III топ	Жылу энергетикасы компаниялары заңды тұлғалар үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м3	20 508,38
IV топ	Жылу энергетикасы компаниялары электр энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м3	18 047,37
V топ	Тұтынушылардың I, II, III, IV, VI, VII, VIII, IX, X, XI және XII топтарына жатпайтын өзге де заңды тұлғалар	тенге/1000 м3	20 508,38
VI топ	Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар	тенге/1000 м3	20 508,38
VIII топ	Тауарлық газды одан әрі тұтынушыларға өткізу мақсатында сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіру үшін сатып алатын заңды тұлғалар	тенге/1000 м3	36 821,28
IX топ	Мемлекеттік атауды әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын тұрмыстық тұтынушылар (халық)	тенге/1000 м3	12 307,62
X топ	Ірі коммерциялық тұтынушылар	тенге/1000 м3	52 630,28
XI топ	Цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру бойынша тұлғалар	тенге/1000 м3	52 630,28

«QazaqGaz Aimaq» АҚ ҚӨФ Әкімшілігі

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі

СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялығдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.